

## **ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУҒА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР**

### **1) Несиені қаржыландыру туралы шешімді кім қабылдайды?**

- Құрамын жергілікті атқарушы орган бекітетін конкурстық комиссия несие беру немесе несие беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

### **2) Конкурстық комиссия жобаларды қандай тәртіппен қарайды?**

- Бизнес-жобаларды іріктеу жөніндегі комиссияның отырысы айына кемінде бір рет өткізіледі. Конкурс өткізу туралы хабарландыру конкурс өткізілгенге дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органның ресми интернет-ресурсында жарияланады. Үміткер өзінің бизнес-жобасын комиссия отырысында, оның ішінде бейнеконференцбайланыс арқылы таныстырады.

### **3) Комиссия отырысы қаншалықты жиі өткізіледі?**

- Комиссия отырысы айына кемінде бір рет өткізілетін болады.

### **4) Кредит алу үшін жобаларды қандай критерийлер бойынша іріктеледі?**

- Бизнес-жобаларды іріктеудің негізгі критерийлері бизнес-жобаның өзектілігі, негізділігі, экономикалық негізділігі, қоғамдық маңыздылығы, іс-қимыл жоспары және өміршеңдігі болып табылады.

### **5) Конкурстық комиссияның шешіміне шағымдануға бола ма?**

- Үміткерлер конкурстық комиссияның шешіміне сот тәртібімен шағымдана алады.